

***A.A. Демесинова<sup>1</sup>, Г.К. Қажыбаева<sup>2</sup>, Г.Т. Тлеубердина<sup>3\*</sup>***

*<sup>1,2,3</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан*  
*E-mail: <sup>1</sup>d.akerke1978@mail.ru, <sup>2</sup>guldenkgk@mail.ru, <sup>3</sup>guldentleuberdina@inbox.ru*  
*ORCID: <sup>1</sup>0009-0008-2859-4628, <sup>2</sup>0000-0002-1177-5421, <sup>3</sup>40000-0002-0574-643X*

## **ҚАЗАҚ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР**

**Аңдатпа.** Мақалада фэнтези жанры туралы еңбектер жазған ғалымдардың ғылыми көзқарастары сараланды. Әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрының тамыры тереңде екені анық. Дегенмен ұлттық әдебиетімізде фэнтези жанрындағы туындылар баршылық. Мақалада фэнтези жанрының ғылыми фантастикадан жанрлық ерекшелігі көрсетілді. Осы бағытта қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында шығармалар жазған қаламгер Рүстем Сауытбайдың туындыларына талдау жасалыны. Мақаланың мақсаты мен міндеті – қазақ фэнтези жанрындағы көркемдік ізденістерді зерттеу нысанына айналдыру болып табылады. Сонымен қатар ғылыми мақаланы жазу барысында қаламгер шығармаларының тақырыптық-идеялық, көркемдік мән-мағынасы зерделенді. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулар бөлімінде фэнтези жанрының өзіндік ерекшелігіне баса назар аударылды. Осы мәселенің төңірегінде де зерттеулер жүргізілді. Ұлттық әдебиеттануға қатысты А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Қасқабасов сынды т.б. отандық ғалымдардың ой-пікірлері пайымдалды. Қазақ фэнтези жанрының қазіргі таңдағы көрінісі, көркемдік ізденістер, дамуына байланысты ғылыми қорытындылар жасалды. Түйіндеп айтқанда қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының өзіндік бағыты мен көркемдік жүйесі жайлы мәселелер жүйеленді. Сонымен қатар, тек қазақ әдебиеттануындағы осы тақырып төңірегіндегі іргелі зерттеулер мен ғылыми мақалалардан бөлек, шетелдік ғалымдардың да зерттеулеріне баса мән берілді. Фэнтези жанрының шығу төркіні мен негізіне арқау болған мифтер және олар жайлы орыс ғалымдарының зерттеулеріне шолу жасалды.

**Кілт сөздер:** жанр, фэнтези, көркем шығарма, миф, поэтика, фантастика, ғылыми жанр, әдебиеттану.

***A.A. Demessinova<sup>1</sup>, G.K. Kazhibaeva<sup>2</sup>, G.T. Tleuberdina<sup>3\*</sup>***

*<sup>1,2,3</sup>Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan,*  
*E-mail: <sup>1</sup>d.akerke1978@mail.ru, <sup>2</sup>guldenkgk@mail.ru, <sup>3</sup>Guldentleuberdina@inbox.ru*  
*ORCID: <sup>1</sup>0009-0008-2859-4628, <sup>2</sup>0000-0002-1177-5421, <sup>3</sup>40000-0002-0574-643X*

## **Artistic searches in the kazakh fantasy genre**

**Abstract.** The article analyzes the scientific views of scientists who considered the Fantasy Genre in the world of literary science. It is obvious that the fantasy genre has deep roots. Nevertheless, in our national literature there are works in the fantasy genre. The article shows the genre specificity of the fantasy genre from science fiction. The works of the writer Rustem Sauytbody, who wrote works in the fantasy genre in Kazakh literature, were analyzed in this direction. The aim and task of the article is to turn artistic research in the genre of Kazakh fantasy into a subject of research. Also in the process of the research article the subject-ideal, artistic meanings of the writer's works were investigated. In the section «Main results and analysis of the research work» the emphasis was made on the originality of the fantasy genre. The research on this problem has also been carried out. Regarding the National Literary Science, the opinions of domestic scientists A. Baitursynov, M. Auezov, S. Kaskabasov and others were expressed. In connection with the modern manifestation of the Kazakh fantasy genre, artistic research, development, scientific conclusions were made. In conclusion, the questions about the peculiar orientation and artistic system of the fantasy genre in modern Kazakh literature

were systematized. In addition, in addition to basic researches and scientific articles on this topic in Kazakh literary studies, emphasis was also placed on the researches of foreign scientists. An overview of the myths and researches of Russian scientists about the origin and basis of the fantasy genre was made.

**Keywords:** genre, fantasy, fiction, myth, poetics, fiction, scientific genre, literary studies.

**А.А. Демесинова<sup>1</sup>, Г.К. Кажыбаева<sup>2</sup>, Г.Т. Тлеубердина<sup>3\*</sup>**

<sup>1,2,3</sup> *Кокиетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокиетау, Казахстан*

*E-mail: <sup>1</sup>d.akerke1978@mail.ru, <sup>2</sup>guldenkgk@mail.ru, <sup>3</sup>Guldentleuberdina@inbox.ru*

*ORCID: <sup>1</sup>0009-0008-2859-4628, <sup>2</sup>0000-0002-1177-5421, <sup>3</sup>40000-0002-0574-643X*

## Художественные поиски в жанре казахского фэнтези

**Аннотация.** В статье проанализированы научные взгляды ученых, рассматривавших жанр фэнтези в мировой литературоведческой науке очевидно, что жанр фэнтези имеет глубокие корни. Тем не менее, в нашей национальной литературе есть произведения в жанре фэнтези. В статье показана жанровая специфика фэнтези от научной фантастики. В этом направлении был проведен анализ произведений писателя Рустема Сауытбая, написавшего произведения в жанре фэнтези в казахской литературе. Целью и задачей статьи является изучение художественных изысканий в жанре казахского фэнтези как предмета исследования. Также в ходе научной статьи были изучены предметно-идейные, художественные смыслы произведений писателя. В разделе «Основные результаты и анализ исследовательской работы» сделан акцент на оригинальности жанра фэнтези. Также были проведены исследования этой проблемы. Касательно национального литературоведения были рассмотрены мнения отечественных ученых А. Байтурсынова, М. Ауэзова, С. Каскабасова и др. В связи с современным проявлением казахского жанра фэнтези, художественными изысканиями, развитием были сделаны научные выводы. В заключение были систематизированы вопросы о своеобразной направленности и художественной системе жанра фэнтези в современной казахской литературе. Кроме того, помимо фундаментальных исследований и научных статей по данной теме в казахском литературоведении также был сделан акцент на исследованиях зарубежных ученых. Сделан обзор мифов и исследований российских учёных о происхождении и основе жанра фэнтези.

**Ключевые слова:** жанр, фэнтези, художественная литература, миф, поэтика, художественная литература, научный жанр, литературоведение.

### 1. Кіріспе

Қазақ прозасы ХХ ғасырдың басынан бері өзіндік тақырыптық-идеялық, жанрлық-көркемдік тұрғыдан даму мен өсіп-өркендеу жолында талай өзгерістерді басынан өткерді. Қазіргі қазақ прозасындағы фэнтези жанры ұлт әдебиетінің даму жолының сәтті олжасы болып табылады. Осы орайда мифологиялық және ертегі мотивтерін қолдануға негізделген фантастикалық әдебиеттің жанры деп есептеліп келген фэнтезидің қазақ әдебиетіндегі еншісін зерттеп-зерделеуді нысанаға алу мақсат етіліп отыр.

Ғылыми көзқарастар бойынша фантастикалық көрініс әлемінде бұрыннан бар, бірақ автор тарапынан қайта өңдеген миф жүйесі немесе автордың мифопоэтикалық тұжырымдамасы бейнеленеді. Дегенмен фэнтези жанры туралы кейбір зерттеушілердің пікірін жүйелесек, мифопоэтикалық аңыздарды фэнтези жанрының қайнар көзі деп (В.Л. Гопман, М.С. Галина) санаса, фэнтезидің ғылыммен байланысы туралы (А. Николаева, О.А. Брилева, К.Г. Фрумкин) кейбір зерттеу еңбектерінде қарастырса, жанрдың негізгі белгісі автор жасаған ерекше сикырлы әлем болып

табылатындығын (В. Губайловский) атап өткен (Печагина, 2011: 10). Сонымен қатар «Фэнтезидің ғылыми фантастикадан айырмашылығы – көркем шығармадағы оқиға өтетін әлемді ғылыми тұрғыдан негіздеуге талпынбайды. Көркем шығармадағы әлем гипотетикалық (болжам) тұрғыда өмір сүреді және біздің шынайы өмірмен сәйкес келе бермейді. Ондағы шындық ретінде параллельді әлем, бөгде әлем автор тарапынан ойдан шығарылып, ол әлемдегі физикалық заңдар жердегіден өзгеше болып бейнеленеді. Авторлық неомиф әлемінде ойдан шығарылған құдайлар, сиқыршылар, бақсы-құшнаштар, айдаһарлар, алып дәулер, феялар, жын-перілер, періштелер, шайтандар оқиғаларға қатыса отырып, бірге өмір сүре береді. Фэнтезидің ертегілерден басты айырмашылығы – мұндағы таңғажайыптар суреттелетін әлемде қалыпты жағдай ретінде бейнеленіп, ақиқат шынайы өмірдегі табиғат заңдылығы сияқты жүйелі көрініс табады», – деген тұжырымды да негізге алуға болады (Демисинова, 2023: 166).

Аталмыш жанрдың көптеген шығармаларында Жарық және Қараңғылық, Жақсылық пен Жамандық – басты тақырып. Балалардың қиялында адамгершілік және мәдени құндылықтар, соның ішінде олардың жақсылық пен жамандыққа қатысты түсінік қалыптастыра отырып, балалардың дүниетанымын тереңдетеді (Зорба, 2019). Фэнтези жанры жазушыларды ең алдымен авторлық қиялға үлкен еркіндік беріп, әңгімеге кейде мүмкін емес элементтерді енгізуге мүмкіндік беретіндігімен тартады. Дегенмен, мұнда да шектеулер мен ережелер бар.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдар**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Мақаланың тақырыбына орай зерттеу барысында салыстырмалы-салғастырмалы, жүйелі-кешенді сияқты ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Сондай-ақ әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанры жайлы зерттеген әдеби-ғылыми, сын-зерттеу жұмыстары мен еңбектеріне шолу жасалып, тұжырымдар келтірілді. Тақырыпқа өзек болған фэнтези жанры төңірегіндегі теориялық байламдар негізінде фантастикалық мәтіндерге салыстырмалы, әдеби-герменевтикалық талдау жасалды.

### **2.2 Материалға сипаттама**

Зерттеу жұмысының материалы ретінде фэнтези жанры жөнінде В. Гопман, М. Галина, А. Николаева, О. Брилева, К. Фрумкин, В. Губайловский сияқты ғалымдардың және қазақ ертегілері мен бақсылық сарын туралы Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов сынды фольклористер мен әдебиет зерттеушілерінің тұжырымдары басты назарға алынды. Осы ғалымдардың тұжырымдары негізінде Рүстем Сауытбайдың фэнтези жанрындағы шығармаларының көркемдік деңгейін қарастырдық. Себебі бүгінгі күні ұлттық әдебиеттегі фэнтези жанрында қалам тартып жүрген жазушылардың арасында барынша танымалы екені анық. Осы тұрғыдан қазақ фэнтезиінің өзіндік ерекшелігін, қазіргі әдеби үрдістегі көркемдік ізденістерді көрсетуге талпыныс жасалды. Фэнтези жанрында шындық болмыста болуы мүмкін емес, бұл дүниеде жоқ әлем суреттелуі; сюжетке қажетті элемент ретінде магия мен фольклорлық персонаждардың көрінуі; авантюралық сюжеттің орын алуы; (іздеу, саяхаттау, соғыс т.с.с.); технология мен сиқыршылық арасындағы жасырын қарсылықтың көрінуі;

жақсылық пен жамандықтың арасындағы күрес негізгі сюжет түзуші тін болғанымен, ертегідей тек қана жақсылыққа ғана басымдық берілмеуі, қайғы мен қуаныш аралас аяқталуы сияқты ерекшеліктер негізге алынды. Осы тұрғыдан Рүстем Сауытбайдың туындылары қазақ фэнтези жанрының озық үлгісі болып табылатындығын дәлелдеу мақсат етілді.

### 3. Талқылау

Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» туындысында басқа жанрларда көріне қоймайтын, тек фэнтези жанрына тән жанрлық ерекшеліктер анық байқалатын штрихар бар. Фэнтезидің жанрлық ерекшеліктері біріншіден шындық болмыста болуы мүмкін емес, бұл дүниеде жоқ әлемді суреттеу десек, автордың бұл шығармасы осы тұжырымның нақты мысалы бола алады. Қаламгер туындысындағы Элия мен Райл Шоко әлеміне барып, онда білім алады. Шоко әлемі шындық болмыста болуы мүмкін емес әлем. Бұл да яғни дүниеде жоқ әлемнің суреттелуі фэнтези жанрының ерекшелігін танытады. Бұл әлем туындыда тек шоколадтан салынған үйлерден, ұшып жүретін кілемдерден яғни кілембустардан тұратын таңғажайып әлем болып суреттеледі. Шығармада керемет Шококент қаласы Тәтті тауының етегінде Балкөлінің жағасында орналасқаны сипатталады. Қаланың ерекшелігі ғимараттар мен тағы да көп нәрселердің шоколадтан жасалуында екендігін автор қызықтыра суреттейді. «Сондықтан ба, тұрғындары тәп-тәтті сөйлейді екен. Сөздері тәтті болғандықтан, әрине, көңілдері де шаттыққа толы болатын. Сонымен қоса шококенттіктер тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөленетін. Тәтті өмір деп осыны айт. Өйткені, шоколад адамдардың көңіл-күйін барынша көтереді. Балалар қалағандарынша шоколад жей алатын. Бүлдіршіндер үйдің шоколадты қабырғаларын кеміргендіктен, ата-аналарына жылда үйлерін жөндеуге тура келеді. Шоколадтың бір ерекшелігі қыста суық өткізбейді, ал жазда ерімейді. Бұл қасиет сиқырлы шоколад дәндерінен келетін», – деген үзіндіде қиялдағы қала бейнеленген (Сауытбай, 2021: 54). Бұл фэнтези жанрында кездесетін құбылыс. Бұл қаланың ерекшелігі бұнда бәрі тәтті. Қала ғимараттары шоколадтан жасалған болса, тұрғындарының көретін түсі мен сөйлейтін сөздері тәтті деп суреттелген. Олардың тіпті есімдері де ерекше.

Шококент тұрғындары өздерін «шокилер» деп атап, «біз нағыз шокиміз» дейтін болған. Себебі олардың түстері қараторы боп келеді екен. Олар өздерінің балаларының есімдеріне «шоко» сөзін қосып отырған. Сондықтан қалада Айшоко, Нұршоко, Жашоко және Байшоко деген есімдері кездеседі екен. Қала ғимараттары ақ және қоңыр шоколадтан жасалған. Автордың Шоко әлемдегі кірпіш зауыты энергиясын сиқырлы шоколад дәндерінен алатынын сипаттауы да фэнтези жанрына тән тартымдылықпен берілген. «Бұл сиқырлы шоколад дәндерін періштелер ежелгі заманда аспаннан түсірген деседі. Шоколад мамандары бұл сиқырлы дәндердің сырын ешкімге ашпайтын. Өйткені дәндердегі тылсым энергияны теріс мақсатта қолданғысы келетіндер де бар еді», – деген тұстан біз сюжеттік тартыстың басталуын байқаймыз. Себебі құпиялылық сипат белең алады (Сауытбай, 2021: 54). «Тылсым энергияны» кімдер теріс мақсатта пайдалануы мүмкін деген ой сюжетті ширықтырады.

Дегенмен қаламгер шоколад әлемінде басқа тәттілер де бар екенін, тіпті ағаштар халуадан болса, тастар кәмпиттен, бұлттар тәтті мақтадан болатын деп суреттейді. Тәтті мақта өте бағалы тағам боп есептелгендіктен, тәтті мақта жегісі келген адам таудың басына шығып, тойғанша тәтті мақта жейді екен. Тәтті мақтаны жейтін қыздарды «мақта қыз» деп атап, олар жыл сайын таудың басына шығып, тәтті мақта жеп, оны басқа тұрғындарға да алып келетін болған. Бұл эпизодта тәтті дүние, тәтті әлем бейнесі жасалған. Айнала тек шаттық пен қуанышқа толған. Тек осындай әлемнің тыныштығын бұзатын, оның мейірім мен әділдігін жоқ қылуға тырысатын зұлымдық әлемі алдымыздан шығады.

Автор өзі ойдан шығарған Шоко әлемінің табиғатын суреттей келе жаңбыр жауғанда бұлттан шырын жауатынын айтады. Және бұл құбылыстың әр уақытта әрқалай болатынын ескертеді. Алмадан, өріктен, кейде апельсиннен шырын жауатынын қызықтыра айтады. «Балақайлар ауыздарын ашып дәм татады. Ал қыс мезгілінде жапалақтап балмұздақ жауатын. Осылайша, балмұздақ төмпешіктері пайда болады. Балалар қалағандарынша шана тебетін. Оның да түрлі түстігі болады. Шоколадтан жасалған балмұздақ немесе жеміс балмұздағы да жауып қалады. Сөйтіп Шокоценттіктер тату-тәтті өмір сүріп жатқанда, күтпеген оқыс оқиға болады. Шоколад мамандарынан сиқырлы дәндерді біреу ұрлап әкетеді», – деген үзіндідегі жағдай жоғарыдағы ойымызға дәлел болады (Сауытбай, 2021: 62).

Оқиғаны өрбіту барысында автор көп ұзамай ұрының қай елден болғандығын баяндайды. Ұрының шокилердің ежелгі жауы – Түздейім елінен болып шыққаны анықталады. Автор түздейімдіктер көптен бері осы сиқырлы шоколад дәндерін қолға түсіре алмай жүргендігі – жауластықтың басты себебі екендігін алға тартады. «Ащы жоспарларын іске асыру – Түздейімдіктердің көнеден бері келе жатқан мақсаттары. Өйткені, өмірлері ащы боп кеткен еді. Сөйлеген сөздері ащы, ұйқылары ащы, тіпті түрлері де ащы. Басқалардың тәтті өмірлерін қызғанып, бастарына ащы ойлар келетін. Араларындағы араздықтарының мың жылдық тарихы бар. Қандай айла ойлап тапса да, нәтижесіз болатын. Бірақ осы жолы дегендеріне жетеді» (Сауытбай, 2021: 62-63).

Сол күні Шокоцентте жаңбыр жауады. Шоколадтан жасалған ғимараттар ақырындап ери бастайды. Сиқырлы дәндер болмаған соң, шоколадтың құрамы өзгеріске ұшыраған екен. Шокоцент халқының мазалары кетіп, уайым басады. Қала көшелерінде шоколад ағып, жаңбыр біткен соң, қаланың қасында шоколад көлі пайда болады. Бұл ерекше құбылыс. Тылсым дүние. Шокоценттің патшасы Шокохан халқын жинап, саны шектеулі сиқырлы шоколад дәндерін Түздейімдіктер ұрлап әкеткенін хабарлап, дәндерді қайтару керек екенін айтады. «Бұл дәндер біз үшін өте маңызды. Шокоценттің күш көзі сол дәндер. Бұл дәндерді әулиелердің өзі сақтап, бізге аманат ретінде қалдырған. Сол дәндерді қайтару керек. Араларында қайтарам деген жан бар ма? – деп патша үмітпен жан-жағына қарайды», – деген сөз ойымызға дәлел бола алады. Әйгілі батыр мен оған қосылған төрт батыр ниет білдіреді. Бірақ ел ақсақалдары патшамен ақылдаса келе бес батырды емес, қарапайым жанұяның екі адамзат баласын ұсынады. Патша олардың сөзіне көніп екі баланы жіберуге келіседі. Бұл балалар сымбатты да ақылды әпкелі-інілі Элия мен Райл еді. Туындыда бұл екі бала былайша суреттеледі: «Бұл екі жас қарапайым

отбасынан болғанымен, мінез-құлықтары ханшайым мен ханзаданікі сияқты еді. Элия кішкентайынан жауапкершілігі жоғары қыз боп өсті. Және өте мейірімді, әрі адалдыққа қатты мән беретін. Ол шешім қабылдағанда барлық тұғырдан ойлап, негіз тапқан соң сол ойын іске асыратын. Ал Райл болса сезімтал жан болатын. Шешімді тез қабылдайтын. Бірақ соңғы кездерде логикаға қатты мән беріп жүр. Өлсіздерге көмектесуге әрдайым дайын. Біреу «көмек керек, жүр» десе шын жүректен қолдан келгенін істейді. Әкесі мен анасы оларға ерекше тәлім-тәрбие беріп өсірген. Олар сабақтан келе жатып жолдағы ағаштарды, шөптерді, жалпы айналасын зерттеп жүретін. Әр нәрседе бір мағына көретін» (Сауытбай, 2021: 79). Екі жасөспірім білектің күшіне емес, білімге сенген балалар еді. Ақылы мен тәртібі, білімі мен санасы бір-бірін толықтыратын Элия мен Райл мейірім әлемінің жыршысы еді. Туындыда жазушы фэнтези жанрына тән элементтің бірі әлемді құтқаруға арналған керемет баланың архетипін жасаған. Бұл екі баланың образы шығармарда жаңа реңктермен толықтырылған. Жазушы кейіпкерлерінің іс-әрекеті сюжеттің динамикалық дамуына сәйкестендірілген. Сонымен қатар екі баланың алдарына қойылған мақсатқа деген жоғары жауапкершілік оқырманды оқиғаның «екінші әлемде» болып жатқанын ұмыттырады. Бұны қаламгердің сюжет пен идея, шындық пен қиялды біртұтас қалыпта қиюластыруы деп тануға болады.

Жазушының туындысына арқау болған Шоко әлемінің тұрғындары, шокилер, түздейімдіктермен бір-біріне ежелден бері жау болып келеді. Жан-жақтың бәрін тұздамақшы болған түздейімдіктер үстемдік құрмақ болып, шокилерден сикырлы шоколад дэндерін ұрлап әкетеді. Осы оқиға негізінде туынды сюжеті құрылған. Тәтті мен ащының бір-біріне қарсы шығуы, бірінің орнын бірі басуына асығуының негізінде мейірімділік пен зұлымдық жатқаны байқалады. Тәтті әлемінің жеңгенін бар бала қалайды. Себебі ол жақсылық пен мейірімге толы әлем. Осы тұрғыдан келгенде қазақ ертегілеріндегі мейірім мен зұлымдықтың көрінісі фэнтези жанрында трансформацияланады (Мельнова, 2023). «Мейірім» мен «Зұлымдық» бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар болса да, көп жағдайда бір-бірін толықтырып тұрады.

#### **4. Зерттеу нәтижесі**

Көркем шығарма көркем концептілердің жиынтығын құрайды. Концептінің негізгі желісін көркем шығарманы талдай отыра анықтауға болса, көркем концепт адамзаттың мәдени-этикалық тәжірибесі негізінде қалыптасқан құндылықтар жиынтығы болып шығады.

Концепт салыстырмалы түрде ақиқат нысанының тұрақты когнитивтік көшірмесі, өйткені ол мағынаға қарағанда әлеммен тікелей байланысқа түседі.

Қаламгер туындыларында да құндылықтар жиынтығы белгілі бір концепт негізінде көрініс табады. Адамзат баласының ерекше ардақтайтын, бойына сақтауға тырысатын адами қасиеттердің жиынтығы ретінде танылатын мейірім, жақсылық, жомарттық, адалдық концептілері «Шоко әлемі» туындысының өзегіне айналған. Фэнтези жанрының тағы бір жанрлық ерекшелігі – жақсылық пен жамандықтың арасындағы күрес негізгі сюжет түзуші тін болғанымен, ертегідей тек қана жақсылыққа ғана басымдық берілмеуі, қайғы мен қуаныш аралас аяқталуы болып табылады.

Туынды образдары ретінде алынған балалар бейнесі қашанда да жақсылыққа жақтас, адалдықты ту еткен, қиындықты жеңе білетін жасөспірімдер.

Рүстем Сауытбайдың туындыларындағы «Мейірім» концептісіне «Батырлық», «Махаббат», «Бақыт», «Отбасы», «Достық», «Даналық», «Білім», «Парыз», «Өмір», «Жарық» және т.б. Ал «Зұлымдық» концептісіне «Соғыс», «Өшпенділік», «Қараңғылық» мәндес болып келеді. Автордың «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» туындысындағы «Ұстаз» концептісі репрезентациялануы «Мейірім» концептісімен байланысты. Нақты Нуа ұстаз бейнесіне тоқталатын болсақ, туындыда «Біраз жүрген соң халуадан жасалған үй көрінеді. Терезелері тас кәмпиттен. Ішіне кірсе, бір бойжеткен дастархан жайып жатыр екен. Олар сәлем беріп дастархан басына жайғасты. Ақсақал сөз бастайды: – Мен осы жерде туғанымнан бастап мекен етіп келем. Сендердің кім екендерінді білем және қайда бара жатқандарыңды да білем». Бұл тұста Нуа ұстаздың алғашқы сәттегі бейнесімен танысамыз. Бұдан кейінгі сюжет барысында оқырман Нуа ұстаздың мейірімділік жолындағы күресінің куәсі боламыз.

Халық ауыз әдебиетінде көп қайталанатын мифологиялық әлем – аспан мен жер асты әлемі. Ертедегі адамдарда бізден де басқа тіршілік иелері бар деген ой болған. Олардың ойындағы әлемнің тұрғындары перілер болып саналған. Сол себепті перілер әлемі, адамдар мен перілердің қарым-қатынасы халық ауыз әдебиеті мұраларында көп кездеседі. Көне дәуірлерден жеткен фольклорлық мұралардың бір саласы – ертегілер. А. Байтұрсынов «Ертегі қиялмен қисынын келтіріп, қызықты ету мақсатпен шығарған әңгімелер», – десе, М. Әуезов «Бұрынғы елдің қиялы өзіне таныс емес жат бір нәрсені құрдан-құр жанынан шығарып әңгімеге кіргізген емес, қайта бұрынғы заманда сол ертегіге кірген нәрсенің барлығы да даусыз шын сияқты көрінетін (Байтұрсынов, 1991). Ол кездегі ертегі, бүгінгі елдің өмірінен алған шын әңгімелер сияқты, даусыз шын оқиға болып көрінген», – деген еді (Әуезов, 1991: 54).

Қазақ фольклорындағы айрықша туындының бірі «Ер Төстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторы Төстікке ғашық болса, «Едіге батыр» жырында, халық аңыздарында Баба Шашты түкті Әзиз пері қызына жолықса, тағы бір аңыздарда Асанқайғы мен Едігенің анасы пері қызы болып суреттелген. Көбінесе халық ауыз әдебиетінде жердің астында перілер патшалығы үстемдік етіп жатады. Ол – қараңғылық әлемі. Онда зұлымдық орын алады деген идея үстем болып келеді. Ал Рүстем Сауытайдың «Шоко әлемі» туындысындағы тұздейімдіктерде тәтті әлемді тұздамақ. Жазушы бүгінгі өмір, яғни болмыс пен бізге беймәлім әлем арасындағы межені тас-талқан етіп, өз туындысында бейнелейтін әлемінің шынайлығына оқырманын сендіре біледі.

Осылайша жасөспірімдер фэнтези жанрының әлемді түйсінудің, бейнелеудің, ой елегінен өткізудің өзіндік бір жолы екендігін түсінеді. Жазушының бізге ұсынған ертегілік әлемі «ертегілік емес» әлемге айналып, бүгінгі күнгі қазақ қоғамының басты проблемаларды өткен күндердің оқиғаларымен астасады.

Мейірім мен зұлымдық тартысқа түседі. Балалар мейірім үшін күреседі. Бұл автордың да, туындының да жетістігі мен шығармашылық жеңісі деп айтуға болады. Адамзат баласының тіршілігінде қатыгездік үстемдік құра бастаған бүгінгі қоғам үшін бұл рухани құндылықтың биікке көтерілуінің көрінісі болып табылады. Осы

тұрғыдан келгенде шындық болмыста болуы мүмкін емес, бұл дүниеде жоқ әлемнің қаламгер туындысында суреттелуі параллель көрініске ие болуы авторлық тұрғының танылуы болып отыр.

Сонымен қатар, қаламгер туындысындағы көркемдік ізденістердің бірі – сюжетке қажетті элемент ретінде магия мен фольклорлық персонаждардың көрінуі. Жалпы халық ауыз әдебиетіндегі ертегілерде жануарлардың адамға, керісінше адамның жануарға айналуы, жанды мен жансызға тіл бітуі сияқты ғажайып оқиғалар көп кездеседі. Бұл өз кезегінде мифтік қаһармандардың сомдалуына жол ашатын көркемдік тәсілдер болып табылады. Қазақ ертегілерінде Көлтауысар, Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ сияқты мифтік қаһармандар кездеседі. Бұл мифтік бейнелер оқиға барысында ертегі кейіпкерлеріне қиындық туған сәтте тылсым, ғажайып күштер көмек көрсетеді. Кей жағдайда мифтік образдар жағымсыз қырынан көрінеді. Олар жауыздық пен зұлымдықтың белгісі ретінде көрінеді. Жезтырнақ, Жалмауыз кемпір, Жеті басты Дәу, т.б. кейіпкерлер осы тұрғыдан танылады. Фольклор – фэнтезидің субстанциясы. Қаламгер Рүстем Сауытбай өзінің туындыларында өз ұлтының фольклорын шығарма сюжетіне негіз ете білген. Автордың көркем туындысында да фольклорлық мотивтер баршылық.

Қазақтың шамандық түсініктерін шығарма фабуласы барысында сәтті пайдаланады. Автордың «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» туындысындағы: Хермес алпыс алты жастағы әйел кісі еді. Ең мықты шамандардың біреуі. Болашақта не болатынын жорамалдайтын. Бірақ әдеттегідей жорамалдарының көбі орындалмайтын. Алайда бұны халық байқамайтын. Біраздан кейін Херместің құлағы естімесе де, сезіп қойды. Жүгіріп келіп қазанның қақпағын ашып жіберді. – Сәлем, ескі дос, – деп еді. – Сәлем. Хермес не болды, бағанадан бері қазан шалып жатырмын. Естімейтін болғансың ба? – деді Борбор. – Қазанның суын ауыстыру керек сияқты, дауысты дұрыс шығармайды, сенің бейнең де анық емес, – деген қысқа жолдардың өзінде қаншама фольклорлық дүниетаным мен қиялдың ұшқырлығы жатыр (Сауытбай, 2021: 156).

Сонымен қатар фэнтези жанрына тән тағы бір көркемдік ізденіс магиялық күштердің сюжетте орын алуы. «Магия термині сенімдер мен ғұрыптардың құрамдас жүйесі есебінде, құбылыстарға ешқандай технологиясыз және құралсыз, өз қалауымен әсер ететін ерекше ритуалдық үрдіс...» (Қасымжанов, 1994:54). Ұлттық фольклорда құдіретті, күшті сөздер арқылы аурудың «иесіне» үрей туғызамыз немесе керісінше көңілім табамыз деген ниетте халық арбау-байлау өлеңдеріне мән берген. Бұл бақсылық сарын яғни әйгілі бақсылардың қобызбен ойнап, күңіреніп айтатын өлеңдері екені баршамызға белгілі. Қазақ даласында бақсы («шағатай» тілінде бақшы) деп ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай білетін, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік сияқты ерекше қабілеті бар адамды атаған. Бақсылық ұғымы ертедегі шаман дінінен сақталған. Бақсылар жайлы Ш.Уәлихановтың мынадай пікірі бар: «Бақсы – өзінің білімді, сиқырлы талантымен елден ерекше өзгеше биік тұрған адам! Ол ақын, күйші әрі сәуегей, сонымен бірге емші», – дейді (Уәлиханов, 1985:139). Ғалым Қ. Жұбанов болса бақсылықтың басында музыка, үн, сазбен қатыстылық жатқанын айта келіп: «Табиғаттан тысқары

сыртқы бір күштер мен адамның астарласуына керек болған магиялық бір бөлшек екенін көреміз», – деген пікір айтады (Жұбанов, 1993:54). Ал, әдебиеттанушы Ө. Қоңыратбаев: «Бақсылар сарынында магия, шаман, ислам ұғымдары араласып жатады. Соның ішінде ата-баба, батырлар аруағына сыйыну сарыны күшті», – деп жазады (Қоңыратбаев, 1992: 54). Қазақтар ерте дүниеде тылсым күш адам бойына аспан әлемінен дариды деген иланымда болса, бұл сенім халықпен бірге жасасып келеді. Автордың «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» туындысында да осындай сюжеттер кездеседі.

Сонымен қатар фэнтези жанрының тағы бір ерекше сипаты авантюралық сюжеттің орын алуы; (іздеу, саяхаттау, соғыс т.с.с.). Элия мен Райл табиғат аясындағы демалыста әкелерін іздеп жүріп, әжелері айтқан үңгірге тап болуы, үңгірдің іші оларға таңғажайып Шоко әлеміне жол ашуы, бұл елде көп бұйымдар, үйлер шоколадтан жасалғандығы қызық және шытырман оқиғаға жол ашады. Шоко әлемінің тұрғындары, шокилер, тұздейімдіктермен олардың қақтығысы, онымен қоса, Элия мен Райлдың әкелерін де ұстап алуы, екі жас батырға әкелерін құтқару үшін шокилерге көмектесуі туынды сюжетінің өрбуіне әкеледі. Олар мақсаттарына жету үшін сиқырға толы елдерден өтеді. Тіпті олар бір-біріне дұшпан болып кетуі де мүмкін еді. Осы тұста оларға Нуа ұстаздың көмегі көп тиеді. Атап айтсақ,

« – Ол қандай ерекше қабілеттер, – деді де сылқ ете қалды.

– Қасиетті кітапты оқи білу, – деп Нуа ұстаз бір қызыл кітапты сөреден алып шығады.

Кітаптағы жазулар ежелгі төте жазумен жазылған еді. Кітаптың бір бөлігі карталардан болды. Ал картаның үлкендігі дастарханның жартысындай еді.

Қария картадағы бір жерді көрсетіп:

– Сендер қазір мына жердесіндер, – деп сарғылт түсті мекенді көрсетті.

– Ал баратын жерлерің мына жақта, – деп қара түсті мекенді көрсетті. – Алдарыңда, нақты білмеймін, бірақ бірнеше патшалық және таңғажайып елдер тұр. Солардан өтіп Тұздейімге жетесіндер. Тұздейім патшасы Удай Қаруас болады. Ол туралы бар білетінім ол жақсы адам емес... немесе адам емес деуге де болады, – деді», – бұл ойдан осыны байқауға болады (Сауытбай, 2021: 54).

Туынды сюжетінің барысында технология мен сиқыршылық арасындағы жасырын қарсылықта көрініс табады. Бұл да фэнтези жанрының өзіндік сипаттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар қаламгер туындысының сюжетінде алдыңғы орынға қаһарманның іс-әрекеті мен көңіл-күйі шығып, қиял-ғажайып пен ертегілік сипатқа ие болуы да кездеседі.

Рүстем Сауытбайдың зерттеу нысанына алынып отырған туындыларында анималистік символ қолданысы кездеседі. «Анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдалған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімінен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, таскынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс-әрекетке ие

адам бейнесінде қабылдаған» (Мелетенский, 1990: 121). Грек классикалық мифтері моральдық аллегория деп қараған Ф.Бэкон миф дамуындағы аллегорияның маңызды роліне ерекше тоқталады (Токарев, 1992: 62-63). Онымен қатар, күнделікті іс-әрекет, құбылыс деректерінің мифке айналуының басты себебі – күллі табиғаттағы заттар мен құбылыстардың рухы, жаны бар деген анимистік сенімге нысанасы болды дейді (Кожевникова, 1997: 221). Анимизм адам мен табиғат тең деп қараған мифтік сананың алғашқы дәуіріне тән сенім. Осы анимистік сенімнің көркем әдебиеттегі кейіптеумен сабақтастығын ғалым С.Қасқабасов айтқандай, көне мифтің көркем мифологияға айналуы бүгінгі қазақ фэнтези жанрында байқалады (Қасқабасов, 1984: 69). Атап айтсақ, Коки есімді қоянның адам кейпіне енуі, керісінше адамдардың жан-жануар кейпіне ауысуы туынды сюжетінде сәтті көрініс тапқан.

## 5. Қорытынды

Рүстем Сауытбайдың туындыларын негізге ала отырып, қазақ фэнтези жоғарыда сөз етілген түрлі жанрлық ерекшеліктерден тұратын, басты мақсаты қазақ руханиятын дәріптеуге құрылған сюжетке негізделетін прозалық әдеби туынды деген тұжырым жасауға болады. Қазақ әдебиетінде әдеби ертегі жанрына қатысты болашақта басын ашып алатын бір нәрсе осы. Осылай ой тұжырымдай келіп, фэнтезиге қаламгер Рүстем Сауытбайдың шығармаларын жатқызамыз.

Кейбір әдебиет зерттеушілері екі әдеби жанрдың басын ашып көрсету өте қиын екенін атап көрсетеді. Бірақ, шартты түрде айтар болсақ, ғылыми фантастика ғылыми парадигмаға арқа сүйесе, фэнтези қосымша шарты ретінде магияны өзіне серік етеді деген ойды алға тартады. Сонымен қатар фэнтези жанрын зерттеуші ғалымдардың ғылыми фантастиканың модификациясы деп оның құрамына кіргізе, біз өз тарапымыздан Рүстем Сауытбайдың шығармашылығындағы фэнтези әдеби ертегі мен ғылыми фантастиканың синкреттігінен туған жаңа жанр деген ой айтпақпыз.

Жоғарыдағы айтылған ойымызды одан әрі дамытатын болсақ, ғылыми фантастика мен фэнтези бір-бірінен көптеген ішкі шарттары бойынша ерекшеленіп, өздерінің өзгеше белгілерін байқатады. Нақты тоқталатын болсақ, бірі – болуы ешқашан мүмкін емес, әлем келбетін көз алдымызға әкелсе, екіншісі – болашақта әйтеуір бір болып қалуы мүмкін ғалам келбетін сомдайды. Фэнтезиде бізден тысқары, беймәлім күштер іс-әрекет үстінде көрінеді. Мұндай сипат негізінен ғылыми фантастикаға мүлдем жат. Фэнтези әлем келбетін адам танымастай өзгерте алады.

Сонымен фэнтезидің барша әлем әдебиетіне ортақ сипаты – біздің әлемде болмайтын дүниені ойға өзек етуі болып табылады. Рүстем Сауытбай – ұлттық ерекшелігіміздің барша рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, өзінің біртұтас көркем әлемін фэнтези жанры бойынша өмірге әкелген жазушы деген ой түйеміз.

## Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 250 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 224 б.
3. Демесинова А. Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы (165-169). №2. 2023. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171>

4. Жұбанов Қ. Қазақтың музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы // Қазақ бақсы-балгерлері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
5. Zorba M. (2019) Nalance: Journal of Narrative and Linguistics, Volume 7, Part 12, pp. 70-77. Reality and Fantasy in British Children's Fiction: Characters at the Crossroads. Magazine. ISSN 21484066. Karatenz Technical University
6. Кожевников В., Николаев А. Литературный энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 751 с.
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
8. Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ. – Алматы, 1994. 94 б. – №1.
9. Қоңыратбаев Ә. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
10. Мелетенский Е. Мифологический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 672 с.
11. Мельнова К., Нурманова Ж. Анализ типов героев в фэнтези литературе. «Keruen», 81(4) 2023. С. 142–152. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-11>
12. Печагина Т. Категориальные понятия «хорошо» и «плохо» в детском воображении. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Челябинск, 2011. – 25 с.
13. Сауытбай Р. Шоко әлемі. Фэнтези. – Алматы: Полиграфкомбинат ЖШС, 2021. – 272 б.
14. Токарев С. (ред.) Мифы народов мира. 2 т., – Москва: Советская энциклопедия, 1982. – 718 с. (С. 62-63)
15. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 556 б.

#### References:

1. Auevov M. (1991) History of literature. – Almaty: Ana tili. – 250 p. (in Kaz).
2. Baitursynov A. (1991) Literary presenter. – Almaty: Ana tili. – 224 p. (in Kaz).
3. Demessinova A. (2023) The origin and types of the fantasy genre in fiction // Bulletin of L.N. Gumilev Eurasian National University. Philology Series (165-169). Number 2. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171> (in Kaz).
4. Kaskabasov S. (1984) Kazakh folk prose. – Almaty: Gylym. – 272 p. (in Kaz)
5. Kasymzhanov A. (1994) Spiritual roots // Kazakh. – Almaty. – 94 p. № 1. (in Kaz).
6. Kozhevnikov V., Nikolaev A. (1987) Literary encyclopedic dictionary. – М.: Soviet encyclopedia. – 751 p. (in Russ)
7. Konyratbaev A. (1986) Grandfather Korkyt's book. – Almaty: Zhazushy. – 128 p. (in Kaz).
8. Meletensky E. (1990) Mythological dictionary. – М.: Soviet encyclopedia. – 672 p. (in Russ)
9. Melnova K., Nurmanova Zh. (2023) The analysis of hero types in fantasy literature. *The Scientific Journal «Keruen»*, 81(4), pp. 142–152. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-11> (in Russ)
10. Pechagina T. (2011) Categorical concepts of «good» and «bad» in children's imagination. Author's abstract of the dissertation written for the candidate of philological sciences degree. Chelyabinsk. – 25 p. (in Russ)
11. Sauitbai R. (2021) Choco world. Fantasy. – Almaty: Poligrafkombinat LLP. – 272 p. (in Kaz).
12. Tokarev S. (ed.) (1982) Myths of the Peoples of the World. Vol. 2. – Moscow: Soviet Encyclopedia. – 718 p. (pp. 62-63) (in Russ)
13. Valikhanov Sh. (1985) Selected. – Almaty: Zhazushy. – 556 p. (in Kaz).
14. Zorba M. (2019) Nalance: Journal of Narrative and Linguistics, Volume 7, Part 12, pp. 70-77. Reality and Fantasy in British Children's Fiction: Characters at the Crossroads. Magazine. ISSN 21484066. Karatenz Technical University. (in Eng.)
15. Zhubanov K. (1993) About the emergence of the kuy genre in Kazakh music // Kazakh baksy-balgersi. – Almaty: Ana tili. – 224 p. (in Kaz).